

Сманова Алуа Арыстановнаның «6D010300 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазған «Кәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқытуудың дамуы (Германия және Қазақстан тәжірибесі)» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуіне рецензенттін

ПІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техниканың дамуының сұраныстарымен) байланысы

Қазіргі уақытта Қазақстанның әлемнің озық отыз елінің қатарына енүі жағдайында бәсекеге қабілетті мамандаярау қажеттілігі бүгінгі білім беру саласын жаңғыртуды, жаңартуды, жандандыруды, инновациялық технологиялармен қамтамасыздандыруды талап етуде. Осыған орай Қазақстан Республикасының 2016-2019 жылдарға арналған білім беруді дамытуудың мемлекеттік бағдарламасында педагогтың адам капиталын қалыптастыруға ықпалының басымдығы, білім беру жүйесіндегі проблемаларды шешудегі аса маңыздылығы басым көрсетіліп, оларды кәсіби даярау мазмұнының сапасын жақсарту мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру бағытында жоғары және жоғары оку орнынан кейінгі білім беру жүйесін әлемдік озық тенденциялар контекстінде модернизациялау міндеттелген.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының ««Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытуудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы» болашақ мамандардың кәсіпке практикалық даярлығының сапалы болуын қажет етеді. Оның үстіне мемлекеттің білім беру жүйесіне білім алушыларды кәсібілікке баулитын 12 жылдық білім беру реформасының ендірілу барысы осы реформа талаптарына болашақ мұғалімнің даяр болуын, практикалық-бағдарланған біліктерін қалыптастыру қажеттілігін арттыра түседі.

Осыған байланысты республикада орта білімнен кейінгі техникалық және кәсіптік білім білім беру жүйесіне нәтижелі ендіріліп отырған дуальді оқыту элементтерін жоғары педагогикалық білім беру жүйесіне ендірудің мүмкіндіктерін қарастырудың қажеттілігі туындаиды. Осы түрғыдан дуальді оқыту элементтерін болашақ мұғалімдерді кәсіби даярау үдерісіне ендіру үшін алдымен оның теориялық-әдіснамалық негіздерін жасаудың қажет екендігі анық. Ал бұл болса, бірінші кезекте дуальді оқытуудың отаны саналатын Германияның кәсіптік білім беру жүйесіндегі дуальді оқытуудың дамуы мен Қазақстандағы орта арнайы кәсіптік техникалық білім беруге дуальді оқытуудың ендірілуі тәжірибесін зерттеудің қажеттілігін арттырады.

Осы айтылғаннаның бәрінің ұсынылып отырған зерттеу проблемасына тікелей қатысы бар. Өйткені Германия мен Қазақстанның кәсіби білім беру

қарастырылған еңбектерді талдап зерттеуі нәтижесінде дуальді оқытудың ерекшеліктерін, оның кемшіліктері мен артықшылықтарын нақтылайды (Дисс.: 2.1). Кәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқыту проблемасының әдіснамалық амалдары тұргысынан жүйелі-кешендік, жүйелі-құрылымдық, жүйелі-іс-әрекеттік, жүйелі-біріктірілгенжәне жүйелі-тарихи амалдарын талдау негізінде дәлелді сипаттайды (Дисс.: 2.2). Германияның бастауыш кәсіби білім беру жүйесінде қалыптасқан дуальді жүйенің титерін және тұжырымдамалық модельдеріне жан-жақты талдаулар мен ізденушінің өзіндік тұжырымды ойлары беріледі (Дисс.: 2.3). Сайып келгенде, осының бәрі диссертантқа кәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқытудың мәнін «аксиологиялық (білім мен практикалық құндылықтар мақсаттарының тенденциясы), онтологиялық (модульдік-құзыреттілік тәсіл), технологиялық (білім беру мен кәсіби іс-әрекетті ұйымдастыру) үш әдіснамалық бірлікте және «оқу орны-өндіріс-үйлестіруші ұйымдардың» өзара іс-әрекеттерінің кіріктірілуі негізінде мамандар даярлауды ұйымдастырудың инновациялық түрі» деп нақтылауға мүмкіндік берді. Бұл, айтылғаның бәрі, біріншіден, диссиденттің зерттеу проблемасының теориялық-әдіснамалық негізін жетік менгергенін айғақтаса, екіншіден алған нәтижесінің жаңалығын дәлелдейді.

Зерттеудің төртінші нәтижесінің жаңалығы сол, ізденуші Германия және Қазақстандағы кәсіби білім беруді жүзеге асыруды негізге алынатын заңнамалық-нормативтік құжаттарды жан-жақты талдау нәтижесінде кәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқытудың дидактикалық негіздемесі Кәсіптік білім беру Заңы мен болашақ маманың Кәсіптік стандартқа сәйкес мемлекеттік білім беру стандарты негізінде жасалатын нормативтік оқу-әдістемелік құжаттарды, өндірісте кәсіби білім беруді ұйымдастыру Уставын, Ережесін, оқытудың функцияларын, әдістерін, педагогикалық құралдарын, формаларын қамтитынын және «оқу орны-өндіріс-үйлестіруші ұйымдардың» өзара әрекеттестік, субъект-субъектілік қарым-қатынастарына, өзара нақты келісілген, бекітілген шешімдеріне, қабылданған қаулылығра негізделетінін айқындауды (Дисс.: 3.1; 3.2.). Онда көрсетілген екі елдің білім беру жүйесіндегі оқыту функциялары мен әдістері мен құралдарына аса қызығушылық тудырады (Дисс.: 3.2.).

Бесінші нәтижесі жаңа, өйткені Германияның кәсіби білім беру жүйесіндегі болашақ мұғалімдерді үш фазалық даярлау үдерісін терең талдап қана қоймай, осы үдеріске ендірілген дуальді оқыту элементтерін анықтайды. 2016 жылдан бастап ҚР Білім және ғылым министрлігінің гранты негізінде орындалған ғылыми жобалар негізінде республиканың кейір педагогикалық жоғары оқу орындарының (Абай атындағы ҚазҰПУ, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, ТарМПУ және т.б.) оқу-тәрбие үдерісіне дуальді оқыту элементтерінің ендіріле бастауын негізді сипаттайды. Осы талдаулар нәтижесінде жоғары педагогикалық білім беруде дуальді оқыту элементтерін пайдалануға арналған теориялық-әдіснамалық

жүйесіндегі дуальді оқыту тәжірибесін зерттеп қана қоймай, оның ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін жоғары педагогикалық білім беруге бейімдеп, ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды жасап ұсыну болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлау үдерісіне дуальді оқыту элементтерін ендірудің мүмкіндіктерін көнектеді. Ал болашақта осы мүмкіндіктердің жоғары педагогикалық білім беруде жүзеге асуы болашақ мұғалімлердің практикалық даярлығы деңгейін жоғарылатады.

Осы тұргыдан алғанда Сманова Алуа Арыстановнаның ұсынып отырған диссертациялық зерттеуін қоғамның сұранысынан шығатын, заман талабына сай, дер кезінде орындалған көкейкестілігі жоғары еңбек деуге болады. Оны диссертацияның мазмұны айғақтайды.

2. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларын негізделу және шынайылық дәрежесі

Зерттеу барысында ізденуші мынадай нәтижелерге қол жеткізген.

1 Германия мен Қазақстанның кәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқыту дамуының тарихи-экономикалық, әлеуметтік-педагогикалық алғышарттарын айқындаған.

2 Халықтың қолөнер кәсіпшілігіне үйрету жүйесін дуальді оқытудың бастау көздері тұргысынан негізделеген.

3 Кәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқытудың мәні мен ерекшеліктерін анықтаған.

4 Германия мен Қазақстанның кәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқытудың дидактикалық негіздерін айқындаған.

5. Германияның болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлау жүйесіндегі дуальді оқыту элементтерін анықтаған және оларды Қазақстанда жоғары педагогикалық білім беруде пайдалануға арналған ғылыми-әдістемелік ұсыныстар әзірлеген.

Осы аталған ғылыми нәтижелердің негізділігімен шынайылығы ізденушінің философия, әлеуметтану, педагогика, психология ғылымдары саласында дуальді оқытудың тарихы мен дамуы мәселесінекәтсты орындалған шетелдік және отандық ғылыми еңбектерге талдау беру негізінде оның дамуының тарихи-экономикалық, әлеуметтік-педагогикалық алғышарттарын анықтауымен; кәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқыту ұғымын нақтылауымен; тарих, этнография, қолөнер саласындағы еңбектерде берілген халықтың қолөнер кәсіпшілігіне үйрету дәстүрлерін терең талдау негізінде оны дуальді оқытудың бастаунегізі тұргысынан дәлелдеуімен; Германия мен Қазақстанның кәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқытудың дидактикалық негіздерін салыстырмалы тұрғыдан дәлелді айқындауымен; Германияның болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлау модельдерін зерттеу негізінде осы үдерістегі дуальді оқыту элементтерін анықтаған және оларды Қазақстанның жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде пайдалану үшін ғылыми-әдістемелік ұсыныстар әзірлеген.

3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір Ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі

Жоғарыда аталған әрбір ғылыми нәтиженің жаңалығына тоқталатын болсақ, ізденуші шетелдік және отандық әдебиеттерге талдау жасау арқылы дуальді оқыту проблемасының зерттелу деңгейіне аса мән берген. Соның негізінде дуальді оқытудың отаны саналатын Германияда оның дамуының тарихи кезеңдерін айқындаған: 1)Ортағасырда дуальді оқыту бастамаларының пайда болуы; 2)XVII-XVIII ғғ. кәсіпорындар мен жексенбілік мектептердегі кәсіби даярлық; 3)XIX ғ. мамандардың біліктілігін арттыру жүйесі; 4)XX ғасырда Кәсіптік білім беру Заңының (1969 ж.) бекуіне сәйкес (50% -теориялық, 50% - практикалық оқыту) дамуы; 5)қазіргі кезең (бастауыш кәсіби білім беруде қалыптасқан дуальді жүйе 20-30%-ы оку орнында, 70-80% өндірісте оқыту). Германия мен Қазақстанның кәсіби білім беру жүйесінде дуальді оқытудың дамуына елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы, саясаты, демографиялық өзгерістері ықпал ететіндігін дәлелді сипаттаған. Оларға талдау жасаунегізінде кәсіби білім беру жүйесінде дуальді оқыту дамуының тарихи-экономикалық, әлеуметтік-педагогикалық алғышарттарын анықтап, топтастырып көрсеткені оның бірінші нәтижесінің жаңа екендігін дәлелдейдіады(Дисс.: 1.1).

Докторанттың екінші қол жеткізген нәтижесі – жаңа. Ол қолөнер саласындағы еңбектердегі шәкірт тәрбиелеу жүйесі туралы тұжырымдарды зерттеуі мен оның нәтижелерін негізге алуы қоңілге қонымды шыққан. Өйткені ол халықтың қолөнер кәсіпшілігіне үйрету жүйесінің дуальді оқытудың бастау көзі болатындығын оның өндірістік ортада (шеберхана, дүкен, ұстахана, отбасылық қоныс орындарында және т.б.) жүргізілуімен, шәкіртті үйрете отырып біліктітерін қалыптастыруымен(көрсет-қайтала-машықтан); кәсіпке баулуымен (зергер, ағаш ұстасы, темір ұстасы, тоқымашы, тігінші және т.б.), кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытуымен (өнерге құрмет, кәсіпті сүю, еңбекқорлық және т.б.) дәлелдейді(Дисс.: 1.2).

Бұл диссиденттың алынған жаңалығының жаңа екендігін дәлелдеп қана қоймай, оның төл ғылымға терең бойлауын, оның жан-жақтылығын, қазақстандық, соның ішінде тарихи тұжырымды ойларға аса мән бергендігін көрсетеді. Оған қоса Қазақстан жерінде осылайша кәсіпке баулуда ерте кезеңнен пайда болған дуальді оқыту бастауларының XIX ғғ. Ы.Алтынсарин ашқан қолөнер мектебінде, XX ғғ. көркемөнер саласындағы училищелерде, өнеркәсіп, кәсіпорындарында көрініс тапқанын негіздейді. Дуальді оқытудың қазіргі кәсіби білім беру жүйесінде дамуын 2014 жылдан бастап ҚР Үкіметінің Қаулысымен бекітілген Жол картасы негізінде ТжКББ үйымдарына (580 колледжге) нәтижелі ендірілгені (40%-ы оку орнында, 60% өндірісте) жан-жақты талдау негізінде дәлелді сипаттайды (Дисс.: 1.3).

Диссиденттың ушінші нәтижесін де жаңа деп қабылдауға болады. Ол дуальділік, дуальді форма, дуальді оқыту, дуальді білім беру

, үйімдастырушылық-құқықтық практикалық-багдарлық атты үш бағыттан тұратын авторлық ғылыми-әдістемелік ұсыныстарын өзірлейді (Дисс.: 3.3). Диссертанттың ғылыми негізде ұсынған әдістемелік ұсыныстарының мазмұнын қолдауга әбден болады. Өйткені олардың тәжірибеге ендірілуі болашақ мұғалімдердің кесіби даярлығының практикалық бөлігін тиімді қамтамсыздандырады, деп батыл айта алымыз.

4. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы

Ізденушінің зерттеу барысында қол жеткізген осы ғылыми нәтижелері өзара *iшкі бірлікпен*, әрбір бөлімдердің дара және идеялық байланыстылығымен, әр бөлім бойынша берілген ой-тұжырымымен, жұмыс қорытындысымен және автордың педагогика ғылымына енгізген жаңалығымен сипатталады. Өйткені осы диссертациялық зерттеуде педагогика және психология мамандығы саласының бүгінгі тандағы аса бір көкейкесті проблемасы алғаш рет шешімін тауып отыр. Еңбектің нәтижесін педагогика, салыстырмалы педагогика теориясында да, практикасында да үлкен сеніммен пайдалануға болады.

5. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама

Диссертацияның негізгі қағидалары мен нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындысы 14 (он екі) шетелдік және отандық ғылыми-ижәне ғылыми-әдістемелік еңбектерде жарық көріп, халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда баяндалған. Соның ішінде 5 мақала ҚР БжФМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 1 Scopus базасына енген басылымда (квартиль-2, процентиль-56), 4 халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында, оның ішінде 3 алыс-жақын шетелдік халықаралық ғылыми конференцияда, 1 оку-әдістемелік құралда жарияланды.

6. Диссертация мазмұндағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер

Диссертация мазмұнына, рәсімделуіне байланысты мынадай ұсыныстар айтқымыз келеді:

1. Диссертанттың 3.3 параграфында Қазақстандағы болашақ мұғалімдердің кесіби даярлау тарихына мән бергені өте орынды. Германияда қалыптасқан болашақ мұғалімдердің кесіби даярлау модельдерін жан-жақты талдауы да ұтымды шыққан. Алайда зерттеу жұмысында Германиядағы болашақ мұғалімдердің кесіби даярлау тарихын теренірек мазмұндағанда артық болmas еді.

2. Диссертацияда ұсынылған сұлбалық, сыйбалық суреттер бір стилемен берілгенде диссертацияның техникалық рәсімделуінің деңгейі жақсара түсетін еді.

3. Диссертацияның кей жерлерінде орфографиялық кателер кездеседі.

Көрсетілген кемшіліктердің шешімі жеңіл, сондықтан ғылыми талапқа сай жазылған еңбектің теориялық және практикалық құндылығын төмендетпейді.

7. Диссертацияның ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің талаптарына сәйкестігі

Сонымен Сманова Алуа Арыстановнаның «Кәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқытудың дамуы (Германия және Қазақстан тәжірибесі)» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуінетақырыбында жазылған диссертациясын дербестігі айқындалған, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы бар, орындалуы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің талаптарына сай келетін, аяқталған жұмыс деп есептеп, оның авторына 6D010300 - Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп санаймын.

Рецензент:

**Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер»
кафедрасының меңгерушісі**

PhD доктор

Нуржанбаева Ж.О.

